

Дәріс 4. ТӨРТ ЖЫЛДЫҚ ЦИКЛ МЕРЗІМІМЕН ӨТКІЗІЛЕТІН СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ (СҚ-5 ЖЫЛ) ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Мазмұны: СҚ -5 өткізуде тепловоз астынан арбашықтар мен арбашық рамалары дөңгелетіп шығарылады да, геометриялық параметрлері сызбадағы шамаларға дейін келтірумен күрделі жөндеу көлемінде жөнделеді, көптеген негізгі бөлшектер жаңаларға ауыстырылады.

СҚ -5 өткізуде тепловоз астынан арбашықтар мен арбашық рамалары дөңгелетіп шығарылады да, геометриялық параметрлері сызбадағы шамаларға дейін келтірумен күрделі жөндеу көлемінде жөнделеді, көптеген негізгі бөлшектер жаңаларға ауыстырылады.

СК -5 барысындағы жұмыстардың жалпы көлемі ф. ТШ-152 борт журналындағы жазулар мен диагностикалық деректермен, тораптарды ауыстыру бойынша деректермен және жөндеуге ағытылған нақты тепловоздың күйімен танысқан соң Сервис орталығының басшыларымен және «Дженерал Электрик» компаниясының өкілдерімен тепловоздың жаңартылған бөлігі бойынша жұмыстар көлемін келісумен анықталады.

СҚ-5 - 4 жылда бір рет көрсетілетін Сервистік қызмет Тараптармен жазбаша келісілген Негізгі Сервис орталықтарында өткізіледі және жаңартылмаған бөліктер мен жаңартылған бөліктер бойынша СҚ- 4 пен қарастырылған барлық жұмыстарды қамтиды.

СК-6 - 7-8 жыл мерзімімен өткізілетін Сервистік қызмет Тараптармен жазбаша келісілген Негізгі Сервис орталықтарында өткізіледі және жаңартылмаған бөліктер торабын – дөңгелектерді шығарумен экипажды бөлікте, тепловозды ағыту және стендтерде сынаумен электр аппараттары, авто ілінісу және авто тежегіш жабдығында.

1.2, ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде келесі қысқартулар қолданылған: GE- «Дженерал-Электрик» компаниясы, тепловоздың жаңартылған бөлігін жасаушы. БСО – Бас сервистік орталық.

НСО – Негізгі сервистік орталықтар.

ҚСО - Қосалқы Сервистік орталықтар.

ЖБ–мамандандыру бойынша агрегаттарды, негізгі тораптарды жөндеу және қажетті жағдайда Жоспардан тыс сервистік қызмет көрсету үшін тартылатын жөндеу базалары.

ТҚКП- ТҚК-2 техникалық қызмет көрсету пункті

ТББ – техникалық бақылау бөлімі

ТЧЭ - пайдаланушы локомотив депосы

ТЧЭ депосы бойынша кезекші– пайдаланушы локомотив депосының кезекшісі.